



## Ақпараттық бюллетеннің сегізінші шығарылымына қош келдіңіздер



## ProInCa жаңалықтары

2020 ж. 31 шілде

### Дәлелді мейіргерлік іс

2020 жылғы сәуірде «Дәлелді мейіргерлік істің арқасында тиімділік пен сапа» тақырыбында онлайн-іс-шара (3 күндік семинар) ұйымдастырылды. Қазақстанның әр аймағынан келген 150-ден астам медбикелер қатысып, дәлелді мейірбике ісінің қағидалары туралы, ал еуропалық және қазақстандық сарапшылардан мейірбике ісінің озық тәжірибелері туралы білді.

Сурет 2020 жылдың сәуір айында виртуалды семинар кезінде түсірілген.

Жалғасы 2-бетте ...

### Шығарылымда

Алғысөз .....1 бет

Мейіргерлік істі жетілдіру орталығы  
..... 1 бет

Дәлелді мейіргерлік іс.....2 бет

Мейіргер ісіндегі зерттеулер ...2 бет

Мейіргерлік ісінде көшбасшылық

ету ..... 3 бет

Ковид-19 ерекшеліктері.....3 бет

**Массимо Пигнателли** ProInCa жобасының ақпараттық бюллетенінің сегізінші басылымына қош келдіңіз. Біз сіздердің аталған бюллетеннің мазмұнынан көбірек құндылық тауып, біздің мейірбике ісі туралы соңғы жаңалықтармен, блогтармен және вебинарлармен хабардар боласыздар деп үміттенеміз. Бұл ақпараттық бюллетень Мейіргерлік істі жетілдіру орталығының (МІЖО) маңызды оқиғалары және МІЖО консорциумын нығайту туралы баяндайды.

Сонымен қатар, 2020 жылы дәлелді мейіргерлік ісі жобасы шеңберінде мейірбикелік іс-шаралар және мейірбике ісін зерттеу вебинарлары арқылы бірнеше вебинарлар / қашықтықтан немесе виртуалды іс-шаралардың өсімі күтілуде. Аталған веб-семинарларға қатысу, оның ішінде виртуалды және қашықтықтан, кең мақсатты аудиторияны қамтуға мүмкіндік беріп, мейірбике ісінің дамуына ықпал етеді деп сенемін.

Ағымдағы жылдың 30 маусымында "Мейіргер Ісін Жетілдіру Орталығының (МІЖО) консорциумының прогресін" талқылау үшін Қазақстандық серіктес университеттермен скайп-кездесу өтті. Кездесуге сондай-ақ С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің өкілдері қатысты. Кездесу барысында қатысушылар консорциалдық келісімді талқылап, жұмыс пакеттерінің жетекшілері ЖОО әкімшілігі мейіргер ісін жетілдірудің аймақтық орталықтары үшін штаттық бірліктерді бөлу мүмкіндіктерін қарастырып жатқанын хабарлады. Консорциумның құрылуы денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енетіні маңызды мәселелердің бірі болып табылады. "Мейіргер ісін дамыту" 3-бөліміне, 3.1.8-тармақшасында "www.nursekz.com ақпараттық портал арқылы мейіргер ісін жетілдіру орталығын дамыту" сәйкес, Қазақстандық медициналық университеттер, Парыз мейіргерлер қауымдастығы, Жоғары медициналық колледждер қауымдастығы, денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы МІЖО тұрақты даму жоспары және консорциум құруға жауапты. Қазіргі уақытта МІЖО тұрақты даму жоспарының жобасы бар және алдағы айларда бекітілетін болады. www.nursekz.com веб-сайтының қызметін бағалау мақсатында студенттерге, медбикелерге, Мейіргер ісі оқытушыларына және қауымдастырылған серіктестерге Webropol анкетасы

жіберілді. Нәтижелер тамыз айында жарияланады. Веб-дизайн және серверлер хостингін жалдау бойынша тендерді жариялау рәсімі шілде айында МУА командасымен басталды.

## Алдағы іс-шаралар

ProInCa 1- күндік симпозиум  
«Дәлелді мейіргерлік іс  
арқылы сапа мен тиімділікке  
ұмтылу»

Орны: Zoom

Күні: Қыркүйек, 2020

### Дәлелді мейіргерлік іс

3 күндік «Мейірикке ісіндегі дәлелді тәжірибе арқылы тиімділік пен сапа» семинары - 2020 жылдың сәуірінде өткен біздің пакет шеңберіндегі іс-шаралардың бірі. Қазақстанның әр аймағынан қатысқан 150-ден астам мейірикелер дәлелді тәжірибелер қағидалары бойынша дәрістер тыңдап, мейірикке ісі саласындағы еуропалық және қазақстандық тәжірибелерді талқылады.

Бұл біздің жобадағы қашықтағы іс-шараны ұйымдастырудағы алғашқы тәжірибеміз болғанына қарамастан, мастер-класс туралы қатысушылардан жағымды пікірлерді алғанымызға қуаныштымыз: «Осы 3 күн оқыту іс-шараларына, заманауи тәжірибелер туралы қызықты пікірталастарға толы болды. Бұдан былай да мен осындай онлайн-мастер класстарға көптеп қатысқым келеді! «- дейді Татьяна Бикбова, Семейдегі университеттік аурухананың мейірикесі.

Егер сіз үйіңізден шықпай ақ дәлелді тәжірибе туралы көбірек білгіңіз келсе, қыркүйектің айына жоспарланған жыл сайынғы мейірикелік конференция аясындағы біздің бір күндік симпозиумымызды жіберіп алмаңыздар!

### Мейіргер ісіндегі зерттеулер

Көктем мезгілінде мейіргер ісіндегі зерттеулерге арналған вебинарлар сериясы JAMK колданбалы ғылымдар университетінің оқытушылары: PhD Ханна Хопия және PhD Сари Ярвиненмен бірлескен мейіргер ісіндегі зерттеулерді қолдау мақсатында жүзеге асырылды. Қатысушылар, барлығы 94, зерттеушілер, мейіргер ісінің оқытушылары, сонымен қатар магистранттар болды. Сонымен қатар, қазақстандық медициналық университеттерде мейіргер ісіндегі қазіргі клиникалық зерттеулер, яғни инсульт реабилитациясы, жүрек-қан тамыр ауруларындағы қамқорлық, паллиативті мейіргер ісі, 2-ші дәрежелі қант диабеті жайлы мейірикелер білімі, мейірикелердің антикоагулянтты емдеудегі рөлі туралы бірлескен мейіргер ісіндегі зерттеулер бойынша тренингтер өткізілуде.

Күзде бұл ғылыми жобалар одан әрі дамытылатын болады, мысалы, салыстырмалы зерттеулер түрінде халықаралық ынтымақтастық қарастырылады. Сонымен қатар, еуропалық серіктестердің қолдауымен вебинарлар Қазақстанның медициналық университеттерінің арасында мейіріргер ісіндегі зерттеулер туралы бірлескен пікірталасты күшейту үшін ұйымдастырылады. Мақсаты - мейіргер ісі бойынша бес бірлескен халықаралық зерттеу жобаларын іске қосу.

## Мейіргерлік ісінде көшбасшылық ету

Мейіргерлік істі жетілдіру орталығының (CNE) парақшасында (<https://nursekz.com/blog-for-nursing-leadership/>) көшбасшылыққа қатысты бірнеше блогтар жарияланған болатын. Оқырмандар блогты байқайтындарына және олар өздерінің жеке мәтіндерін жазуға мүмкіндік алатындарына үміттенеміз (нұсқауларды блог сайтында табуға болады).

Көшбасшылық блогы және басқа да әлеуметтік желілер (Facebook, Twitter, Instagram) - бұл бас және аға мейірбикелерге қолдау көрсетудің және көшбасшылық тәжірибедегі оң өзгерістердің тиімді тәсілі болып табылады. Біз болашақта қауымдастық мүшелеріне олардың дауыстарын жақсырақ білулеріне, қандай да бір артықшылықтар беру үшін көшбасшы мейірбикелерінің ұлттық қауымдастығын құру жұмыстарын жалғастырудамыз.

### Байланыс

Назарбаев университетінің  
Медицина мектебі, Нұр-  
Сұлтан, Қазақстан

nancy.stitt@nu.edu.kz  
paolo.colet@nu.edu.kz  
alma.syzdykova@umc.org.kz

### Бізді бақылаңыз:

Instagram: /proinca\_kz  
Facebook: /proincanursing  
Twitter: ProInCa\_Nursing  
Website: /proinca-nursing.kz

## COVID-19 туралы пайдалы ресурстар

### Қазақстан

1. COVID-19 Тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау комитеті  
**Медбикелерге арналған ресурстар**

1. COVID-19 бойынша медбикелерге арналған ресурстар (Қарқынды терапия бойынша мейірбикелерінің американдық қауымдастығы) <https://www.aacn.org/newsroom/procedure-manual-covid-19-resources>  
2. COVID-19 Клиникалық мейірбикелік білім беру ресурстары (Қарқынды күтім бойынша мейірбикелерінің американдық қауымдастығы) <https://www.aacn.org/blog/covid-19-top-5-aacn-clinical-education-resources-for-you> -из-AACN

## Қазақстандық медбикелер COVID-19-бен күресуде



УМС медбикелері (Нұр-Сұлтан қ.) жеке қорғану құралдарында  
Солдан оңға: Қапица Қозыбаева, Ләззат Аханова, Әлия Булхаирова



Солдан оңға: Ләззат Аханова, Қапица Қозыбаева, Бибигуль Ниязова, Әлия Булхаирова